

**Кафедра: жалпы гигиена және
экология**

Тақырып:

**Тұрақты даму концепциясы мен
міндеттері және Қазақстан**

**Республикасының тұрақты дамуға өту
кезеңдері**

Дәріскер: б.ғ.к., доцент Бегимбетова Г.А.

Жоспар:

- Табиғаттың және қоғамның «тұрақты дамуы» деген түсінігі
- Тұрақты даму Концепциясының пайда болуы және дамуы
- Тұрақты дамудың пайда болуындағы үш құрамы бірлестіктер
- Тұрақты дамудың принциптері
- Тұрақты дамудың даму кезеңдері
- Тұрақты даму идеясы

В.И.Данилов –Данильян және К.С. Лосевтің (2000 ж.) ұсынған анықтамасы бойынша

- Тұрақты даму –экологиялық мәселелерді алдын алу үшін адам ретсіз дамудан, тиімді реттелген табиғат пен қоғамның даму заңдарына негізделген дамуға өтуі.
- Тұрақты даму-қазіргі уақыттың қажеттілігін қамтамасыз ете отырып, болашақ ұрпақтардың мұқтаждығын орындау үшін қауіп туғызбайтын даму.

- 1980 жылдары қоршаған орта туралы БҰҰ бағдарламасы «бүлдірмей дамуға» өтуге шақырды
- 1987 жылы Қоршаған орта және даму бойынша БҰҰ комиссиясы «Біздің ортақ болашағымыз» атты баяндама ұсынып қорытынды баяндама жасалып тұрақты даму концепциясын (экологиялық, әлеуметтік, экономикалық) құрды.
- Тұрақты даму концепциясы В.И. Вернадскийдің ұсынған ноосфера концепциясымен ұқсас келді.
- Тұрақты дамудың негізгі факторларына экономикалық, әлеуметтік және экологиялық факторлар жатады.

- *Экономикалық құрамы-табиғи қорларды және экологиялық технологияларды тиімді пайдалануды, экологиялық жағдайда пайдалануға болатын өнімдерді шығару, қалдықтарды азайту, қайта өңдеу және жоюды көздейді.*
- *Әлеуметтік құрамы-тұрақты дамудың адамға бағытталған және мәдени жүйелердің тұрақты сақталуына, соның ішінде адамдар арасында қоршаған ортаға зиян тигізетін жағдайларды азайту.*
- *Экологиялық құрамы-биологиялық және физикалық табиғи жүйелердің біртұтастығын қамтамасыз етеді. Табиғи ресурстардың деградацияға ұшырауы, қоршаған ортаның ластануы және биологиялық алуан түрліктің жойылуы экожүйелердің өздері-өзін қалпына келтіру қабілеттерін төмендетеді.*



Рим клубы — 1968 жылы италияндық экономист, қоғам қайраткері және бизнесмен А. Печчеи бастамасымен құрылған мемлекеттік емес халықаралық ұйым, ол адам тіршілігінің негіздерін қозғайтын ғаламдық проблемаларды: қару-жарақпен жарақтану жарысы және ядролық соғыс қаупі, қоршаған ортаның ластауды зерделеу бағдарламасына бастама болған. Рим клубының мүшелері таяу болашақты болжауды және әлемдік қауымдастықты ғаламдық экологиялық-экономикалық қауіптің алдын алу қажеттігін мойындатуды өздеріне мақсат тұтты. Сонымен қатар әлеуметтік экологияның ғылым ретінде қалыптасуы орын алды.

1972 жылы Стогольмде (Швеция) қоршаған орта туралы БҰҰ конференциясы өтті. Онда қоршаған орта туралы БҰҰ бағдарламасы қабылданды (ЮНЕП).

Оған 113 мемлекеттің өкілдері қатысып әлемдегі экологиялық даму идеясына талдау жасалды. Конференцияның Бас хатшысы Морис Стронг болды.



Рио-де-Жанейро декларациясы

1992 ж. 3-14 маусым аралығында Рио-де-Жанейрода (Бразилия) БҰҰ қоршаған орта және даму декларациясы туралы конференциясы (КОСР—92) өтті және оның 27 принципі қабылданды.

Оған 179 мемлекеттің басшылары мен үкімет мүшелері және сарапшылар, сондай-ақ көптеген мемлекеттік емес ұйымдардың өкілдері, ғалымдар және кәсіпкерлер қатысты.

Рио-де-Жанейрода өткен глобалды экологиялық Форумда төмендегідей негізгі принциптер қабылданды:


Адам баласы табиғатпен үндестік жағдайында толыққанды және қолайлы тіршілік ортасында өмір сүруге құқылы.

Экономиканың экологиялық мәселелерді ескермей дамуы планетаның шөлге айналып, өздігінен жойылып кетуге әкеп соғады

Екінші жағынан, экономикалық дамусыз тек экология мәселелеріне бір жақты қарау жалпыға бірдей жокшылық пен әлеуметтік теңсіздікке әкеп соғады

Киото хаттамасы (Жапония)

1997 ж желтоқсанда Жапонияның Киото қаласында өлемдік қауымдастықтың елдері ғаламдық жылынуға себеп болатын парник газдарын атмосфераға шығаруды бағылау жөніндегі тарихи келісімдерді жалғастырды.



ЮНЕСКО-Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы.

Ұйым 1945 жылы 16 қарашада құрылды, штаб-пәтері Францияның Париж қаласында орналасқан. Ұйым құрамына әлемнің түкпір-түкпірінде орналасқан 67 бюро мен бөлімшелер кіреді.

1999 жылдан бастап ЮНЕСКО-ның бас директоры — Коитиро Мацура






Біріккен Ұлттар Ұйымының Айналадағы Орта Жөніндегі Бағдарламасы (ЮНЕП) — [Бас Ассамблеяның мемлекеттер](#) мен халықаралық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау мен жақсартуға бағытталған шараларын тиімді жүзеге асыруын қамтамасыз ететін халықаралық ұйым ретінде көмекші органы.. ЮНЕП-ке 70-ке жуық мемлекет [мүше](#). ЮНЕП-тің көптеген биологиялық Конвенциясына Қазақстан Республикасы 1994 ж. қыркүйектен бері мүше. 1994 ж. қазанда [Парижде](#) жасалынған шөлге қарсы күрес Конвенциясына [Қазақстан](#) Республикасы да қол қойды. «Луандығы және оның жағалауын қорғау» бағдарламасын жүзеге асыру ісі, ЮНЕП-тің [Еуропалық](#) аймақтық бюросымен бірге [Арал](#) және Каспий теңіздері жағдайлары жөніндегі халықаралық Конвенция жасау мәселелері қарастырылуда. Қазақстанда ЮНЕП-тің табиғатты қорғау жөніндегі Заңын шығару және экологиялық Заңдарын енгізу жұмыстары жүргізілуде



- ЮНЕСКО негізгі мақсаты — бейбітшілік пен қауіпсіздікті елдердің білім, ғылым және мәдениет салаларындағы ынтымақтастығын [БҮҮ](#) Қаулысында айтылғандай жалпыға бірдей құрметпен қарап, әділеттілік пен заңдардың орындалуын, адам құқығы, әрі негізгі бостандықтар негізінде барлық елге, түрі-түсіне, жынысына, тілі мен дініне қарамастан қамтамасыз ету арқылы нығайту.
- Мақсатына жету үшін ЮНЕСКО бес негізгі функцияларды жүзеге асырады:
- болашағы бар, келешекте адамзатқа керек білім, ғылым, мәдениет пен байланыс формаларын зерттеу;
- білімді ғылыми зерттеудің нәтижесіне сүйене отырып таныту, алмасу, таратумен айналысу;
- заңнамалық іскерлікпен: ұсыныстарды іске асыруға міндет болатын халықаралық актілерді дайындау және қабылдау;
- мүше-мемлекеттерге «техникалық ынтымақтастық» түрінде жобалар жасау мен дамыту салаларындағы саясатын анықтауда эксперттерінің қызметтерін ұсынады;
- арнайы ақпаратпен алмасуды жүзеге асырады.

A close-up photograph of a person's hands, wearing a dark cap, holding a large quantity of yellow corn kernels. The kernels are piled high in the palms and spill slightly over the edges. The background is dark and out of focus.

ФАО – ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу және өндіруді жақсарту міндетін атқарады, агросфераға инвестиция тартуға, топырақ құнарлығын арттыру мен жер ресурстарын ұтымды пайдалану, қорғау; жаңа және өзгеше энергия көздерін өндіруді, игеруді ықпалын тигізуге көмектеседі. ФАО негізі 1945 жылы құрылған. Бұл мекеменің штаб – пәтері италияның астанасы Рим қаласында орналасқан.

- ВОЗ (Әлемдік денсаулық сақтау ұйымы) - әлем халықтарының денсаулығын қадағалайды, экологиялық қауіпсіздікті сақтау мақсаты жүктелген, оған тұщы сумен қамтамасыз жасау, тамақ және қалдықтарды жою міндеттері қамтылған. ВОЗ мекемесі 1946 жылы құрылды. Өртүрлі қауіпті ауру түрлеріне қарсы емдеу шараларын іздестіреді, халықаралық деңгейдегі санитарлық ережелерді жасайды, сондай – ақ емдеу дәрілердің сапалық жағын тексереді. Дамушы елдердегі халықтардың денсаулығын



**ЮНИДО – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ТӘРТІПТІ БЕКІТУ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІҢ ДАМУЫНА ОҢ
ЫҚПАЛ ЖАСАУ МЕН ҚОЛДАУ ЖҮКТЕЛГЕН**



МАГАТЭ – радиациядан қорғану, қауіпсіздік шараларын жасау міндеті бекітілген, бұған радиоактивтік материалдарды айнала ортаға экологиялық зиянын тигізбей тасымалдау мен қалдықтарды жою міндеті тапсырылған. Қазіргі кезде бұл агенттік барлық елдердегі атом электр станцияларының қауіпсіздігін қадағалайды. Бұл агенттік 1957 жылы БҰҰ шешімімен құрылған, штаб – пәтері Вена қаласында орналасқан.





ВМО (Әлемдік метеорологиялық мекеме) – бұл мекеме негізі 1873 жылы құрылған, бірақ 1947 жылдан бастап БҰҰ құрамына енді. ВМО басшылығымен әлемдік ауа райын бақылау қызметі жұмыс істейді, оның негізгі міндеті планетадағы табиғат күштері мен құбылыстары жайлы жалпы мәліметтер мен бақылау жасау. Бұл ұйым метеорологиялық бақылау мен зерттеу бағытында халықаралық ынтымақтастықты дамыту, сондай – ақ ұлттық метеорологиялық қызметтің жұмысын үйлестіру. Штаб – пәтері Женева қаласында орналасқан.

- МСОП (Табиғатты және табиғи ресурстарды қорғаудағы халықаралық одақ) – бұл одақ ЮНЕСКО және ФАО жанындағы халықаралық кеңес пен ұсыныс беруші мекеме. МСОП әлемдік табиғат қорғау стратегиясын жасады және барлық елдерге оны орындау жөнінде ұсыныс береді. МСОП 1948 жылы құрылған. Ұйымның орналасқан қаласы Глан (Швецария).

Қоғамның тұрақты даму стратегиясының принциптері:

1. «Глобальды ойлап – локальды әрекет ету» принципі, яғни дамудың аймақтық және локальды мәселелері экологиялық кризистердің алдын алу үшін ұлттық және глобалды мақсаттарға және адамды қоршаған ортаның жағдайын жақсартуға бағытталуы керек.
2. Техногенді әсерлердің күшеюі мен адамдар денсаулығының қоршаған орта жағдайына тәуелділігінің артуына байланысты экологиялық болжаулардың дәлдігін жоғарылату принципі.
3. Экономикалық даму мақсаттарына бағытталған ісшараларды алдыңғы кезекте жүзеге асыру принципі. Қоршаған орта компоненттерінің тазалығы адамның негізгі тіршілік процестерін қамтамасыз етудің шарты болып табылады. Сондықтан экономикалық дамудың кез келген бағыттары адамдардың экологиялық қажеттіліктерін ең алдымен ескеруі керек.
4. Эколого-экономикалық үйлесімдік принципі - материалдық өндіріс орындарын белгілі территорияда орналастыру – территорияның экологиялық мүмкіндіктеріне сай жүргізілуі керек. Оның негізі – табиғи және өндірістік потенциалдар мен эколого-экономикалық жүйе түзуші заттар мен энергия ағыны бірімен бірі өзара сәйкестікте жұмыс істеуі керек.
5. Экологиялық ғылыми білімдердің таралу принципі.

Қазіргі кездегі ТД Қазақстан үшін маңызды мәселелердің бірі боп табылады.

- 2004 ж ҚР ТД кеңесі құрылды
- 2006 ж ТД қоры Қазына құрылды
- 2006 ж 14 қарашада ҚР Президентінің бұйрығы бойынша 2007-2024 жылдарға арналған ҚР ТД көшу тұжырымдамасы қабылданды, ондағы негізгі мәселе қазіргі білім берудің дамуы, үздіксіз білікті көтеру және мамандарды қайтадаярлау. ТД мүддесіне білім беру еліміздің болашақ дамуына шешуші әсерететін факторлардың бірі

Концепцияның міндеті

№	Міндеті	Қаралатын мәселелер.
1.	Бірінші	<p>Пайдалы ресурстарды айдаланудың тиімділігін 2012 жылға қарай 37% - ға, 2018 ж.- 43%, 2024ж.- 53% арттыру, бұл көрсеткішті арттыру қалай жүзеге асырылады.</p>
2.	Екінші	<p>Демографиялық салада қазіргі кездегі туушылық көрсеткіштерін сақтай отырып, халықтың өмір сүру көрсеткіштерінің орташа деңгейін көтеру: 2011ж-68жасқа, 2018ж-70жасқа, 2024ж-73жасқа дейін, жалпы алғанда туылым көрсеткішін 1000 адамға шаққанда 18-22 деңгейінде сақтап қалу.</p> <p>Бұл мақсатқа жету үшін ең алдымен, әлеуметтік қауіпсіздік деңгейін көтеру, қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін енгізу, халықты толығымен сапсы ауыз сумен қамтамасыз ету, кедейшілікпен күрес, жол-көлік, және тамқтанудың денсаулыққа пайдалы стандартын дамытуды жүзеге асыру керек.</p>

3.	Үшінші	<p>Экологиялық тұрақтылықтың көрсеткіштерін жоғарылату: 2012ж.-10%, 2018ж.-15%, 2024ж.-25%. Бұл мақсатқа жету үшін ең алдымен, аймақтық даму процесіне экожүйелік әдістерді енгізу, барлық өндірістік және энергетикалық нышандарының тұрақты дамуы үшін арнайы критерийлерді белгілеу, шөлдену, шөлейттенумен күрес шаралары, қоршаған ортаны қорғаудың барынша тиімді экономикалық механизмін енгізу, « тарихи ластаушылар » проблемасын шешу.</p>
4.	Төртінші	<p>Саяси тұрақтылықты қамтамсыз ету. Бұл міндетті шешу үшін ең алдымен тұрақты даму идеяларын қолдаушы күштерді бір ортаға біріктіру, Қазақстандада тұрақты дамудың халықаралық аймағын құру, Қазақстанның халықаралық ұйымдарға толық және белсенді түрде қатысуын қамтамасыз ету.</p>

Дайындық кезеңі (2007-2009жж.)- қоғамдық саяси өмірдің барлық салаларына тұрақты даму принциптерін енгізу, экономиканың диверсификациялау, технологиялық өрлеу үшін қажетті жағдайларды дайындау.

Бірінші кезең(2010-2012жж.)-ҚР-ның дүние жүзіндегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуын қамтамасыз ету;

Екінші кезең(2013-2018жж.)-ҚР-да адамдардың өмір сүруінің сапалық көрсеткіштері бойынша дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы елдердің қатарынан орын алуы, табиғи ресурстарды тиімсіз пайдалануға байланысты экон-к тұрақтылық

Үшінші кезең (2019-2024 жж.) - тұрақты даму концепциясының БҰҰ қабылданған халықаралық критерийлеріне қол жеткізу.

- **Тұрақты даму идеясы** қоршаған ортаның талаптарына сай қазіргі және болашақ ұрпақтың тіршілік сапасын жақсарту үшін бірқалыпты экономикалық және әлеуметтік даму. Еліміздің президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан бәсекелестікке қабілетті 50 елдің қатарына кіру қажет деген мақсаты осы ТД принциптеріне сай келеді.

Кері байланыс:

- Тұрақты даму дегенімізді қалай түсінесіздер?
- Тұрақты дамудың қандай концепциялары бар?
- Тұрақты дамудың неше міндеттері бар?
- Тұрақты дамудың неше кезеңдерден тұрады?
- Тұрақты даму концепциясы қашан қабылданды?